

"Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында әскери қызмет өткери нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 25 ақпандығы № 152 бүйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 12 қазандығы № 808 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 қазанда № 30166 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында әскери қызмет өткери нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 25 ақпандығы № 152 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10620 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында әскери қызмет өткери нұсқаулығында:

8-қосымшада:

16-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"16. Әскери қызметшіні әскери қызмет көзделген басқа мемлекеттік органға жіберген кезде:

- 1) ұсыным;
- 2) мінездеме;
- 3) әскери қызметшінің баянаты;
- 4) қызметтік карточкадан үзінді;
- 5) атtestаттау комиссиясының шешімі (хаттамадан үзінді);

6) әскери қызмет көзделген уәкілетті органдардың бірінші басшысы қол қойған мемлекеттік мекеменің хабарламасы.

Толтыру бойынша түсіндірме:

мінездемені рота командирі және одан жоғарылар жазады, команда бойынша бөлім командирімен келісіледі (күні, мөр, қолы және тегі мен аты-жөні қойылады);

қызметтік карточкада көтермелейлер мен жазалардың саны көрсетіледі. Алынбаған жазасы толық көрсетіледі (қашан, кім және не үшін жазалады);

қызметтік тергеудің қорытындысы және материалдары – көшірмесі жіберіледі.

ұсыным уәкілетті органдардың бірінші басшыларымен келісу бойынша "Әскери қызмет өткери туралы келісімшарттың және ұсынымның үлгі нысандарын, сондай-ақ атtestаттау парагының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс

министрінің 2018 жылғы 29 қаңтардағы № 36 қбпү бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16594 болып тіркелген) 7-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі*

M. Ахметжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК